**"Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі N 86-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 13 маусымдағы N 122-НҚ бұйрығы. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 230 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 230 бұйрығымен.*

*---------------Бұйрықтан үзінді----------------*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Төраға*

*Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 230 бұйрығына қосымша*

*Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі*

*. . .*

*3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 13 маусымдағы N 122-ОД бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1930 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық*

*атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жаршысында басылған, 2001 ж., N 37, 696-құжат)...*
*------------------------------*

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 6) тармақшасына және 16-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі N 86-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесіне:

барлық мәтін бойынша "үстем" деген сөзден кейін тиісінше "(монополиялық)" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақта:

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Заң күші бар Жарлығына " деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - монополияға қарсы орган)" деген сөздер "(бұдан әрі - орталық монополияға қарсы орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

төртінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрінің олардың айналымының географиялық ауданын кескіндейтін шекаралары бар жеке рыногы болады, олар облыстың әкімшілік шекаралары мен өзге де елді мекендердің шекаралары болуы мүмкін.";

5-тармақта:

"(аумақтық)" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші, төртінші және бесінші абзацтар алынып тасталсын;

6-тармақта "әлеуметтік мәнді түрлерінің" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Тізілімге енгізуге қызметтерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес монополиялық түрде жүзеге асыратын және (немесе) белгілі бір қызметтер түрі рыногында онда бәсекенің жоқтығына орай үстем (монополиялық) жағдайға ие мемлекеттік кәсіпорындар жатады.";

10, 11, 19 және 21-тармақтарда "шаруашылық жүргізуші субъектілердің", "

шаруашылық жүргізуші субъектінің", "шаруашылық жүргізуші субъектіні", " шаруашылық жүргізуші субъектілердің" деген сөздер тиісінше "рынок субъектілерінің", "рынок субъектісінің", "рынок субъектісін", "рынок субъектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Рынок субъектісінің үстемдік үлесі субъектінің белгілі бір тауар немесе қызмет түрін тиісінше:

тауар рыногы шекараларынан тыс әкету көлемін қоспағанда, оның географиялық шекараларымен айқындалған тауар рыногына жеткізу немесе өткізу көлемінің белгілі бір тауарлар түрлері рыногының жалпы көлеміне;

оның географиялық шекараларымен айқындалған тауар рыногына жеткізу немесе өткізу көлемінің белгілі бір тауарлар түрлері рыногының жалпы көлеміне арақатынасы ретінде айқындалады.

Белгілі бір тауар түрі рыногының жалпы көлемі осы рынок субъектілерінің белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды әкелу және әкету көлемдерін ескере отырып, белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды жеткізу немесе өткізу сомасы ретінде айқындалады.

Белгілі бір қызметтер (жұмыстар) түрі рыногының жалпы көлемі қаралып отырған рыноктың барлық субъектілерінің белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын қызметтерді (жұмыстарды) жеткізу немесе өткізу сомасы ретінде айқындалады.";

13-тармақта:

5) тармақша алынып тасталсын:

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тізілімді қалыптастыру кезінде монополияға қарсы орган тиісті монополияға қарсы органның жанындағы Сараптама кеңесінің ұсынымдарын ескеруге құқылы.";

14-тармақта:

"(аумақтық)" деген соз алынып тасталсын;

екінші сөйлем алынып тасталсын;

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тізімге өзгерістер жыл ішінде монополияға қарсы органның тиісті бөлімшесі шешімінің негізінде монополияға қарсы орган басшысының бұйрығымен енгізіледі. Осы тармақтың 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда өзгерістер ағымдағы жылдың соңғы тоқсанының қорытындысы бойынша енгізілуі мүмкін.

16-тармақта "енгізілгені" деген сөзден кейін "(шығарылғаны)" деген сөзбен толықтырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Тізілімге енгізілген рынок субъектілері монополияға қарсы органға оларды Тізілімге енгізу туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 күн мерзімде өзінің келіспейтіндігі туралы арызбен жүгінуге құқылы. Арызда оларды Тізілімнен шығаруды негіздейтін материалдар (жеткізіп берудің (өткізудің), экспорттың көлемдері, бәсекелес құрылымдар, жеткізіп беру (өткізу) көлемдері туралы ақпарат және басқалар болуға тиіс. 10 күн мерзімде монополияға қарсы орган өзіне жүгінген рынок субъектісін Тізілімнен шығару немесе сақтау туралы шешім қабылдайды.

Аумақтық органның шешімімен келіспеген кезде рынок субъектілері аумақтық органның шешімін алғаннан кейінгі 10 күннің ішінде орталық монополияға қарсы органда шағым жасауға құқылы.";

19-тармақтың 5) тармақшасында "монополиялық" деген сөздің алдынан "ай сайын" деген сөздермен толықтырылсын;

20-тармақта "(аумақтық)" деген сөз алынып тасталсын;

21-тармақ:

екінші абзацта "1 шілдесіне дейінгі", "1 наурызына дейінгі" деген сөздер тиісінше "1 тамызына дейінгі", "1 мамырына дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "кәсіпорынның" деген сөздің алдынан "ай сайын" деген сөздермен толықтырылсын;

22-тармақта:

"екі апта мерзімде" деген сөздер "30 күнде" деген сөздермен ауыстырылсын;

23-тармақта "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңның 21, 22, 23, 24-баптарына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесіне N 2 қосымшада:

"енгізу", "енгізіледі" деген сөздерден кейін тиісінше "шығару", "шығарылады" деген сөздермен толықтырылсын;

"шаруашылық жүргізуші субъектілер" деген сөздер "рынок субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1 шілдесіне дейінгі", "1 наурызына дейінгі" деген сөздер тиісінше "1 тамызына дейінгі", "1 мамырына дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац "ақпаратты" деген сөздің алдынан "ай сайын" деген сөздермен толықтырылсын;

"2 апта" деген сөздер "30 күн" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Бәсекелестікті дамыту департаменті (Н.Х.Жұмабаева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін

қамтамасыз етсін.

3. Агенттіктің баспасөз хатшысы (Т.С.Іздібаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Әкімшілік жұмысы департаменті (Б.Б.Досан) осы бұйрықты Агенттіктің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша департаменттерінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының орынбасары А.Р.Ойнаровқа жүктелсін.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК